

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 13 шілдедегі № 261 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 8 қарашада № 7289 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 100 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу ережелері бекітілсін.

2. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Р. Түсіпбеков*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т і р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 3 ш і л д е д е г і
№ 2 6 1 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілді

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу ережелері 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 215-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған

(түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу тәртібін бекітеді.

2. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

1) арнайы байланыс қызметі - Ұлттық пошта операторының республикалық арнайы байланыс қызметі;

2) асыл тастар - табиғи алмастар, зүбәржаттар, лағылдар, сапфирлер және александриттер, сондай-ақ табиғи меруерт және бірегей жақұт қосылымдары;

3) бағалы металдар - алтын, күміс, платина және платина тобындағы металдар (палладий, иридий, родий, рутений и осмий);

4) бұйымдар - қоспасы жоқ немесе бетінде нақыштары жоқ зергерлік тастар қойылған, сапалы, бұрын пайдаланылмаған немесе құнды металдар қоспай-ақ аздап қана реставрация (жылтырату, қырнау) жасауды талап ететін, сынамалық клеймосы өшіріліп қалмаған алтыннан, платинадан және күмістен жасалған бұйымдар, нақыштары жоқ шыны, фарфор және басқалар қойылған күмістен жасалған бұйымдар, сондай-ақ бұйымның жалпы салмағының 30% (отыз пайызынан) көбі күміс массасынан тұратын күміс жіпті (білезік, түйреуіш, алқа және басқалар) маржаннан және інжуден жасалған, сапалы, бұрын пайдаланылмаған немесе құнды металдар қоспай-ақ аздап қана реставрация жасауды талап ететін (жылтырату, қырнау), сынамалық клеймосы өшіріліп қалмаған бұйымдар;

5) зергерлік қосымшалар - зергерлік өндірісте пайдаланылатын, зергерлік бұйымдарға айналдырылған табиғи, синтетикалық тастар мен тас секілді заттар;

6) зергерлік тастар - зергерлік өндірісте пайдаланылатын асыл және зергерлік-қолдан жасалған тастар;

7) комиссия - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы) (бұдан әрі - Орталық) директорының өкімімен құндылықтар салынған жөнелтілімдерді ашуды, олардың ішіндегі құндылықтарды қабылдауды және сұрыптауды жүзеге асыру үшін құрылған сарапшы және бақылаушыдан тұратын комиссия;

8) құндылықтар - бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар;

9) құндылықтар бар жөнелтілім - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану ережесінің (бұдан әрі - Тәркіленген мүлікті сату ережелері) 22-тармағымен қарастырылған талаптарға сәйкес жіберушімен Орталыққа пломба салынып (мөрмен бекітілген), қапталған құндылықтар және оған қоса жіберілетін құжаттар;

10) құндылықтар бар орын - Тәркіленген мүлікті сату ережелерінің 22-

тармағында қарастырылған тәртіпте бір ыдысқа (қап, қорап, жәшік және т.б.) тізімдемесімен (құнды металдардың сынықтарына жас алмайды) қоса қапталған, сарапшы және бақылаушы пломбылаған және құндылықтың атауы (есебі), саны (бұйымдардың), жалпы, лигатуралық және химиялық таза массасы, бағасын кеміткендегі массасы (бар болған жағдайда), сынамасы (құнды металдың құрамының), актінің нөмірі мен күні, сарапшы мен бақылаушының тегі, аты-жөні көрсетілген жапсырма қағазы бар бір немесе бірнеше салымдар;

11) құндылықтарды соңғы қабылдау және сұрыптау - құндылықтардың санын, массасын (жалпы, лигатуралық және химиялық таза), сынамасын (қорытпадағы бағалы металдардың массалық үлесі) анықтау, жіктеу және зергерлік қоспалардың (бар болған жағдайда) массасын анықтау, оларды құндылықтардың бекітілген түрлері және бағалы металдардың сынамалары бойынша құндылықтарды сұрыптай отырып жіберушінің ілеспе құжаттарының мәліметтерімен (тізімдемемен немесе тізімдеме актісімен) салыстыру;

12) салым - атауы, саны (бұйымның) жалпы және лигатуралық массасы, бағасын кеміткендегі (бар болған жағдайда) және сынамасының массасы (құнды металдардың құрамы) көрсетіле отырып бір бастапқы қаптамаға (қағаз немесе полиэтиленді қалтаға, қағазға) орналастырылған бір бұйым немесе бір текті заттардың (бұйымдардың) топтамасы, құнды металдардың құрамы немесе сынамасы бірдей құнды металдардың бір түрі;

13) синтетикалық тастар - физикалық және химиялық қасиеттері бойынша әртүрлі табиғи тастарға сәйкес келетін жасанды кристаллдық тастар;

14) тас секілді заттар - табиғи және синтетикалық тастардан қолдан жасалған тастар, сондай-ақ жартылай немесе толықтай адам жасаған өнімдер. Бұл тастар табиғи зергерлік және синтетикалық тастардың түсін және сыртқы түрін бере алады да олардың химиялық және (немесе) физикалық қасиеттерін және (немесе) олардың кристаллдық құрылымын бере алмайды;

15) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті.

2-тарау. Құндылықтарды тасымалдау және қабылдау тәртібі

3. Құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар) уәкілетті органмен, оның жергілікті бөлімшелерімен өз бетінше немесе арнайы байланыс қызметі арқылы Орталыққа жібереді немесе одан әрі Орталыққа жіберу үшін өз бетінше Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) Алматы қалалық филиалынан және Алматы облыстық филиалынан басқа жергілікті филиалына жібереді.

Осы орайда құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) Орталыққа

жөнелту арнайы вагонның жүк көтерімділігіне, сыйымдылығына және есіктерінің ені шегінде жол жөнекей тасымалдау мүмкіндіктері болған жағдайда жергілікті филиалдармен жүзеге асырылады.

4. Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары арқылы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен Орталыққа жіберілетін құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар) одан әрі Орталыққа жіберу үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарының материалдық жауапты тұлғаларына тапсырылады.

5. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) сақтауға алдын-ала қабылдау оны ашпай-ақ сыртқы қабының, байланған жібінің бүтіндігін, пломбасы мен мөрінің сақталғандығын тексеру, Тәркіленген мүлікті сату ережелерінің 22-тармағымен қарастырылған тәртіпте ұсынылған нұсқамен пломбылардың таңбаларын салыстыру жолымен жүргізіледі.

Құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар) уәкілетті органмен, оның аумақтық бөлімшелерімен Орталыққа одан әрі жолдау үшін аумақтық филиалға тапсырылған жағдайда аумақтық филиал сонымен бірге уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен Орталыққа Тәркіленген мүлікті сату ережелерінің 22-тармағымен қарастырылған тәртіпте жолдануға тиіс ілеспе хаттың және тізімдеме актісінің (тізімдеме) жолданғанын куәланады.

Құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар) Орталықпен арнайы байланыс қызметінен тізілім бойынша қабылданады.

6. Орталыққа уәкілетті органның өкілдерінен, арнайы байланыс қызметінен келіп түскен, сондай-ақ Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары арқылы жолданатын құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын-ала қабылдау Орталықтың материалдық жауапты тұлғаларымен жүзеге асырылады.

7. Құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар) уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерімен тікелей Орталыққа немесе Орталыққа жолдау үшін аумақтық филиалдарға тапсырылған жағдайларда уәкілетті орган, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі аумақтық филиалға немесе Орталыққа жазбаша хабарлама жолдайды, онда құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) тапсыратын өкілдің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері және құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) тапсыру күні көрсетіледі.

Тәркіленген мүлікті сату ережелерінің 22-тармағымен қарастырылған тәртіпті бұза отырып рәсімделген, алдын ала жазбаша хабарламасыз жеткізілген құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар), сондай-ақ салымға қол жеткізу мүмкіндігін болдыратын сыртқы қабы, байланған жібі және пломбасы бүтіндігінің бұзылуы, пломбылар таңбаларының сәйкессіздігі анықталған құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар) аумақтық филиалдармен және Орталықпен (жөнелтілімдерді тікелей Орталыққа тапсырған кезде)

қ а б ы л д а н б а й д ы .

8. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын-ала қабылдау нәтижелері осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша үш данада жасалған құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын ала қабылдау актісінде көрсетіледі. Алдын ала қабылдау актісінің бірінші данасы Орталықта қалады, екінші және үшінші данасы құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) қабылдауды растау үшін уәкілетті органға және уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жолданады. Арнайы байланыс қызметінен келіп түскен құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) реестр бойынша қабылдаған кезде алдын ала қабылдау актісінде тізілімнің нөмірі мен күні көрсетіледі, сонымен бірге тізілім (тізілімнің көшірмесі) алдын ала қабылдау актісіне тіркеледі Орталыққа жеткізілген құндылықтар салынған жөнелтілімдерді алдын ала қабылдау кезінде сот шешімінің және тізімдемелердің жоқтығы, тізімдемелерде әрбір заттың, соның ішінде комплекттерде (гарнитурларда), саны, салмағы және сынамасы бойынша мәліметтердің жоқтығы немесе жеткіліксіздігі анықталған жағдайда алдын ала қабылдау актісі рәсімделмейді, тек еркін нысандағы жауапты сақтауға қабылдау актісі ғана рәсімделеді, ал жолдаушыға белгіленген тәртіпте рәсімделген ілеспе құжаттарды қабылдағанға дейін жөнелтілімді алдын ала қабылдаудан бас тарту туралы х а б а р л а н д ы р у х а т ы ж і б е р і л е д і .

Уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің жөнелтілімдерді ашуды және құндылықтарды саны бойынша қабылдауды өзінің өкілінің міндетті түрде қатысуымен жүргізу қажеттілігі туралы нұсқауы бар болған жағдайда құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын-ала қабылдау актісіне ілеспе хатында құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) ашу күні көрсетіледі. Уәкілетті органның өкілі келген кезде қойманың материалдық жауапты тұлғалары оның қатысуымен құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) ашады және құндылықтардың саны бойынша бар болуын ілеспе құжаттардың (тізімдеме актісінің) мәліметтерімен сәйкестендіреді. Жөнелтілімді ашу нәтижелері бойынша осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құндылықтар салынған жөнелтілімдерді ашу актісі жасалады, ол құндылықтар салынған жөнелтілімге тіркеледі. Құндылықтар қойманың материалдық жауапты тұлғаларымен, сондай-ақ уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің өкілімен қайта қапталады және пломбыланады. Құндылықтардың саны тізімдеме актісіндегі мәліметтерге сай келсе кезегімен соңғы қабылдау және құндылықтар сұрыптауға түскенге дейін пломбаланған жөнелтілім қоймаға қойылады. Құндылықтар санының жетіспеуі анықталған жағдайда пломбыланған жөнелтілім Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қабылданғанға дейін жауапты сақтауға

қойылады, ол туралы ашу актісінде жазба жүргізіледі. Соған қарамастан, көрсетілген мерзімде уәкілетті органның өкілі келмеген жағдайда Орталық жөнелтілім мен құндылықтарды ашуды өз бетімен жүргізеді.

Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) уәкілетті органнан, оның аумақтық бөлімшесінен Орталыққа жолдау үшін қабылдау кезінде Ұлттық Банктің аумақтық филиалымен түбіртек беріледі.

Алдын ала қабылдау актісін алғаннан кейін уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі құндылықтарды қабылдаған аумақтық филиалға құндылықтарды тапсыру түбіртегін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтарады.

9. Орталықтың инкассалық қызметімен жеткізілген құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) Орталықтың материалдық-жауапты тұлғалары алдын ала қабылдау кезінде қаптың, байланған жіптің және пломбының бүтіндігі, пломбы оттискілерінің үлгіге сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, құндылықтар салынған жөнелтілім (қап) жауапты сақтауға қойылып, еркін нысандағы жауапты сақтауға қабылдау актісі ресімделеді.

Аталған факті бойынша Орталық уәкілетті органға, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне қабы бүлінген жөнелтілімнің ішінде құндылықтардың бар екенін комиссиялық тексеру кезінде оның өкілінің қатысу қажеттілігі немесе өзінің өкілінсіз тексеру жүргізуге рұқсат беруі туралы жазбаша ескерту хатын ж о л д а й д ы .

Орталықтың материалдық-жауапты тұлғалары уәкілетті органның қатысуымен (немесе уәкілетті органның жазбаша келісімі негізінде өкілдің қатысуынсыз) құндылықтар салынған жөнелтілімді (қапты) ашып, құндылықтардың саны бойынша бар болуын ілеспе құжаттардың (тізімдеме актісі) мәліметтерімен салыстыра тексереді. Жөнелтілімдерді ашу нәтижелері б о й ы н ш а а ш у а к т і с і ж а с а л а д ы .

Құндылықтар Орталықтың материалдық жауапты тұлғаларымен, сондай-ақ уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің өкілімен, ол құндылықтар салынған жөнелтілімді (қапты) ашуға қатысқан жағдайда қайта қап т а л а д ы ж әне п л о м б ы л а н а д ы .

Құндылықтардың саны тізімдеме актісіндегі мәліметтерге сай келсе кезегімен соңғы қабылдау және құндылықтар сұрыптауға түскенге дейін пломбаланған жөнелтілім (құндылықтар салынған қап) қоймаға қойылады. Құндылықтар санының жетіспеуі және артықтығы анықталған жағдайда пломбыланған жөнелтілім (құндылықтар салынған қап) жауапты сақтауға қойылады, ол туралы а ш у а к т і с і н д е ж а з б а жү р г і з і л е д і .

10. Құндылықтар салынған жолдамаларды қабылдау кезінде олардың радиоактивтілігіне бақылау өлшеуі жүргізіледі. Радиациялық сәуле шығарғыштығы белгіленген нормалардан жоғары жөнелтілімдер қабылданбайды

және тез арада қайтарылуы тиіс.

11. Құндылықтарды қабылдау мен сұрыптауды Орталық директорының немесе оның міндетін атқарушының өкімімен құрылған комиссия жүргізеді. Комиссия жөнелтілімді ашу, құндылықтарды салмағы мен сапасы бойынша қабылдауды жүргізеді. Құндылықтарды қабылдаумен бірмезгілде белгіленген құндылықтар түрлерінің тізбесіне сәйкес олардың сынамалары мен түрлері бойынша сұрыптау жүзеге асырылады.

Жөнелтілімді (қапты) ашу, соңғы қабылдау мен сұрыптау Орталықпен жөнелтілімдердің түсу кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

12. Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес ресімделген қабылдау және сұрыптау актісінде көрсетіледі. Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау актісінде ілеспе хатта көрсетілген және Орталықта құнды металдардың салмағы мен сынамасын анықтау, зергерлік қоспаларды жіктеу және салмағын анықтау нәтижесінде алынған әрбір қосымшаның мәліметтері жазылады.

13. Құндылықтарды қабылдау кезінде олардың салмағы мен сапасы оларды ластан және басқа да заттардан тазартқаннан кейін анықталады. Тазарту бұйымға зақым келтірілмей жүргізіледі.

14. Комиссия құндылықтарды қабылдау кезінде жіберушінің ілеспе құжаттарындағы деректерден құндылықтардың саны, құнды металдың немесе құнды тастардың түрі, құнды металдың сынамасы (бір бірліктен асып кетсе) мен бұйымның салмағы (құнды металдар бойынша 0,5 грамнан, асыл тастар бойынша 0,05 караттан көп) бойынша айырмашылықтары барлығы, сондай-ақ жіберушінің ілеспе құжаттарды рәсімдеуінде кемшіліктердің орын алғандығы туралы жіберушіге тиісті шаралар қабылдау үшін анықталған айырмашылықтарды көрсете отырып наразылық жолданады.

15. Құнды металдардың салмағы мен сынамасын анықтау, түрлі құнды металдардың бөлінбейтін бөліктерінен тұратын, түрі бір сынамасы әртүрлі зергерлік қоспаларды, сонымен қатар күрделі бұйымдарды жіктеу және салмағын анықтау, құнды металдардың түрі мен сынамасы бойынша сұрыптауды Орталық жүзеге асырады. Құндылықтарды есепке алу "Аффинаждалған және аффинаждалмаған құнды металдарды, бағалы тастар мен олардан жасалған бұйымдарды Орталықта есепке алу" автоматтандырылған ақпараттық кіші жүйесінде жүргізіледі.

16. Сынамаларға сәйкес келмейтін сынамалық белгілері бар бұйымдар ең жақын төменгі стандарттық сынамалар (ҚР СТ 1003-асыл металдардың негізіндегі қорытпалар, 1999 жылғы 1 шілдеден қолданысқа енгізілді) бойынша есепке алынады.

Бұйымдағы сынамалық белгіге сәйкес келмейтін немесе сынамалық белгісі

жоқ бұйымдар "сынамалық белгіге сәйкес келмейді" немесе "сынамалық белгісі жоқ" тиісті жазуымен ең жақын төменгі стандарттық сынамамен есепке алынады.

Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау нәтижесінде пайда болған қалдықтар (желім, сынықтары бар тастар, жіп және басқалар) комиссиямен жойылады, ол туралы қабылдау және сұрыптау актісінде қалдықтың жалпы салмағы көрсетіліп жазылады.

17. Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау кезінде "Құнды металл сынықтарын көруге арналған құндылықтар" түріне сыныққа жатқызылу себептерін көрсете отырып келесі құндылықтар есептеледі: тозығы жеткен, бүлінген, өзгертілген, күрделі өңдеу мен жөндеуді қажет ететін құндылықтар, сыртқы түрі, құнды металдың салмағы мен құрамы бойынша республикалық және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін құндылықтар.

"Құнды металл сынықтарын көруге арналған құндылықтар" құндылықтары орнының жинақталуына қарай Орталық уәкілетті органға жоғарыда аталған санатқа жатқызылған құндылықтарды комиссиялық қарау кезінде өкілінің қатысу қажеттілігі туралы хабарлама жолдайды. Уәкілетті орган өкілінің қатысуымен аталған құндылықтарды қарау жүзеге асырылады және оларды сыныққа немесе бұйымға жатқызу туралы еркін нысандағы акт жасалады. Уәкілетті орган өкілінің хабарламаны жібергеннен күннен бір ай мерзім өткеннен кейін немесе уәкілетті органның құндылықтарды оның өкілінсіз қарау туралы жазбаша келісімін алғаннан кейін Орталық құндылықтарды қарау және акт жасауды өз бетімен жүргізеді. Тексеруден кейін сыныққа жатқызылған құндылықтар бөлшектеледі, иесіздендіріп құнды металдардың түрлері және сынамалары бойынша біріктіріледі.

Түрі және сынамасы бір құнды металдардың сынығы қабылдау кезінде салмағы 15 кг.аспайтын жеке қосымшаларға біріктіріледі.

18. Соңғы қабылданып және құнды металдар мен зергерлік қоспалардың түрлері, сынамасы бойынша сұрыпталған құндылықтар матадан жасалған қаптарға (орындарға) қабылдап алу және сұрыптау актісіне сәйкес қапталады, ол комиссия мүшелерімен пломбыланады. Қапталған және пломбыланған орындарды комиссиямен Орталық директоры немесе оның орнындағы тұлғаның өкімімен қоймаға қойылады.

19. Құрылыстық қалдық түріндегі құндылықтар (жаңқа, ұнтақ, құнды металдардың ұсақ бөліктерінің көп мөлшері), сонымен қатар түйіршік, құм және катодты алтындар құнды металдардың құрамын анықтау үшін сынақтан өткізіледі. Құндылықтарды, таңдап алынған және сараптамадан өткен үлгімен қоса қаптап, құндылықтардың тиісті түріне жатқызылады. Тәркіленген мүлікті сату ережелерінің 22-тармағымен бекітілген талаптарға сәйкес қапталған құндылықтар да сараптамадан кейін Орталық директоры немесе оның

орнындағы тұлғаның өкімімен қайтадан қоймаға қойылады.

20. Барлық құндылықтар оларды қабылдап, өңдеп, сұрыптап және құндылықтардың белгілі бір түріне жатқызылғаннан кейін (құндылықтардың түрі мен сынамасына, зергерлік қоспалардың бар болуы мен түрі бойынша) біріктіру кезеңінен өтеді. Біріктіру түрі және сынамасы бір құндылықтар бар жеке орындардың жинақталуы бойынша Орталық директорының немесе оның орнындағы тұлғаның өкімімен жүзеге асырылады. Құндылықтарды біріктіру нәтижесі осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес формада жасалған актіде көрсетіледі, оған құндылықтардың түрі және сынамасы жөніндегі тізімдеме қоса тіркеледі. Зергерлік сынамалы құнды металдардың сынығының тізімдемесі ж а с а л м а й д ы .

Құндылықтарды біріктіру кезінде олардың салмағы, саны, металдың түрі мен сынамасы, зергерлік қоспалардың сипаттамасы қайта тексеріледі, сонымен қатар, құндылықтардың белгіленген түріне жатқызылуы анықталады, қажет болған жағдайда бір түрінен екіншісіне ауыстырылады.

3 тарау. Құндылықтарды есепке алу, есеп алу мақсатында құндылықтардың құнын анықтау тәртібі және оларды сақтау

21. Құндылықтарды бухгалтерлік есепке алу уәкілетті органмен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

22. Құндылықтарды біріктіру, бөлу немесе Орталықта бақылау өлшеуі кезінде құндылықтардың салмағы мен сынамасының өзгерген жағдайда ол туралы актіде көрсетіледі, соның негізінде айырмашылықтарды есептен шығару немесе кірістеу жүргізіледі. Соған қарамастан айырмашылықтарды есептен шығару және есепке алу рұқсат етілгеннен аспайтыны комиссия шешімімен, ал рұқсат етілгеннен асып кеткені уәкілетті органның келісімі бойынша есептен шығаруға немесе есепке алуға жатқызылады.

23. Құндылықтар салынған жолдаманы есепке алу уәкілетті органда құндылықтар салынған жолдаманы алдын ала қабылдау актілерінің негізінде олардың бағалау құны бойынша жүргізіледі. Бағалау құны, жіберушінің атауы мен алдын ала қабылдау актінің деректемелері осы Ережелердің 5-қосымшасына сәйкес белгіленген нысанда жеткізушілерден келіп түскен құндылықтар салынған жөнелтілімдерді тіркеу журналында тіркеледі.

Уәкілетті орган үшін тазартылған құнды металдардың, құнды металдардан жасалған зергерлік бұйымдардың, техникалық мақсатқа арналған өнімнің, құнды металдардың сынықтары мен құм алтынның бағасын анықтаудың бастапқы көрсеткіші құнды металдың бір грамм химиялық таза салмағының бағасын білдіретін есепке алу бағасы болып табылады. Оны есептеу үшін құнды металдар

нарығының Лондондық ассоциациясының таңертеңгі фиксингі (құнды металдарға ақпараттық - анықтамалық баға) (бұдан әрі - LBMA) құндылықтарды қабылдау және құндылықтар салынған жолдаманы ашқан күннің алдындағы күнгі Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі АҚШ долларына қатысты теңгенің биржалық бағамы) таңертеңгі (негізгі) сессиясында қалыптасқан АҚШ долларына қатысты теңгенің орташа өлшемді биржалық бағамы мен LBMA фиксингі алынады. Алынған деректер негізінде әрбір металға (алтын, күміс, платина) есепке алу бағасы есептеледі. Қабылдау және сұрыптау акті бойынша келіп түскен құндылықтардың бағасы (сынамалар мен есептер бойынша) химиялық таза салмағын әрбір бұйым бойынша жеке-жеке есепке алу бағасына көбейту арқылы есептеледі.

Синтетикалық тастар мен тас секілді заттар бағаланбайды. Құндылықтарды біріктіру, бөлу немесе бақылау өлшеуі кезіндегі оның салмағы өзгерген жағдайда тиісті біріктіру, бөлу немесе бақылау өлшеуі актілерінде көрсетілген масса бойынша туындаған айырмашылықтардың бағасын есептеу және ол айырмашылықты есепке алуды уәкілетті орган оларды қабылдау кезінде жүргізеді.

24. 1 қаңтар, 1 сәуір, 1 шілде және 1 қазандағы жай-күйі бойынша қайдан түскеніне қарамастан құндылықтарды бірыңғай есептік бағамен есепке алуды жүргізу және LBMA бағасының деңгейімен сәйкестендіру үшін уәкілетті орган кейбір негіздер бойынша (зергерлік асыл тастардан басқасы) мемлекеттің меншігіне өткен құндылықтарды қайта бағалауды жүзеге асырады. Қайта бағалау Ереженің 23 тармағында көрсетілген тәртіпке сәйкес құнды металдар бойынша құндылықтардың бағасын қайта есептеу жолымен жүзеге асырылады.

Оны есептеу үшін LBMA фиксингі және 1 қаңтар, 1 сәуір, 1 шілде және 1 қазандағы немесе келесі жұмыс күніндегі теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы алынады.

Қайта бағалау нәтижелері осы Ережелердің 6-қосымшасына сәйкес уәкілетті орган басшысы бекіткен бір данадағы құндылықтарды қайта бағалау актімен рәсімделеді және осы Ережелердің 7-қосымшасына сәйкес белгіленген нысанмен құндылықтары, сынамалары немесе құнды металдардың түрлері бойынша сомаларды бөле отырып, жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түскен құндылықтарды сандық-сомалық есепке алу кітабына құнды металдардың түрі бойынша жазылады.

25. Құндылықтарды талдаулық есепке алу Орталықпен бекітілген құндылықтар түрлерінің тізіміне сәйкес құндылықтардың түрлері мен сынамалары бойынша құндылықтарды сандық-сомалық есепке алу кітабында тиісті есепке алу бірліктерімен жүзеге асырылады. Құндылықтарды сандық-сомалық есепке алу кітабына жазу белгіленген тәртіппен рәсімделген

кабылдау және сұрыптау актілері, біріктіру актілері және басқа құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Құндылықтардың келіп түсуі және кетуі жөніндегі операцияларды құндылықтарды сандық-сомалық есепке алу кітабына жазу қалған қалдықты шығара отырып әрбір қабылдаудан және жіберілгеннен кейін жүргізілуі тиіс.

26. Құндылықтарды түгендеу кемінде жылына бір рет Ұлттық Банктің келісімімен жүргізіледі. Құндылықтар салынып қапталған орындарды бақылау өлшеуі кезінде осы Ережелердің 8-қосымшасына сәйкес Ашу және бақылау өлшеуі актісімен рәсімделеді.

Орталықта құндылықтарды рәсімдеу нәтижелері екі данада түгендеу актімен рәсімделеді. Ашу және бақылау өлшеуі актілері түгендеу актісіне қоса беріледі.

Тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 1 (бірінші) жұлдызындағы жағдай бойынша, қалған құндылықтарды салыстырып тексеру актілерін уәкілетті тұлғалармен бекіту жолымен жүзеге асырылатын, уәкілетті орган мен Орталықтың арасында қалған құндылықтарды салыстырып тексеру жүргізіледі. Орталық есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 15 (он бесінші) жұлдызына дейін уәкілетті органға салыстырып тексеру актісін дайындап жіберуі тиіс. Уәкілетті орган Орталықтан жіберілген акті келіп түскеннен кейін 10 (он) жұмыс күнінің ішінде есептік деректерді салыстыра тексереді, қол қойып мөрмен бекіткеннен кейін оны қайта қайтарады.

27. Орталыққа, Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Орталыққа жіберу үшін тапсырылған құнды металдарды, бағалы тастар мен олардан жасалған бұйымдарды сақтау Тәркіленген мүліктерді сату ережесінің 23-тармағына сәйкес жүргізіледі.

4 тарау. Құндылықтарды беру және сату тәртібі

28. Орталықтағы құндылықтарды беру мына жағдайларда жүргізіледі:

1) құндылықтарды сату жөніндегі аукционды ұйымдастыру және өткізу немесе осы Ережемен бекітілген тәртіпте комиссия келісім-шарты негізінде сауда ұйымына беру үшін уәкілетті органға, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне беру;

2) соттың шешімі бойынша иесіне қайтару үшін уәкілетті органға, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне беру;

3) уәкілетті органның шешімі бойынша (қайта өңдеу), реставрация, жөндеу).

29. Орталықтан құндылықтарды беруге уәкілетті тұлғалармен қол қойылған және мөрмен расталған уәкілетті органның тиісті жазбаша шешімі негіз болады.

Орталықтың құндылықтарды рұқсат етілмеген жағдайда беруіне жол бермеу мақсатында уәкілетті орган Орталыққа уәкілетті органның құндылықтарды беру

шешіміне қол қою құқығы бар лауазымды тұлғаларының қолдары мен уәкілетті орган мәрі оттискісінің нотариалды куәландырылған үлгілерін жолдайды.

30. Алушыларға Орталықтан құндылықтарды беру ағымдағы күнтізбелік айдың соңғы күні және желтоқсанның 25-31 аралығында берілмейді. 25 желтоқсаннан кейін құндылықтарды беру тоқтатылады және шығарылған өкім бойынша құндылықтар алынбағандықтан олардың күші жойылып, Орталық оны жояды. Уәкілетті органның хаты мен сенімхаты да өз күшін жояды.

Орталықтың қоймасынан құндылықтарды беру осы ереженің 9-қосымшасына сәйкес құндылықтарды беру актімен рәсімделеді.

31. Қапталған орындағы құндылықтардың бір бөлігін ғана беру қажет болған жағдайда Орталық директоры немесе оның орнындағы тұлғаның өкімімен комиссия осы Ережелердің 10-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған құндылықтарды ашу және бөлу актісі толтырыла отырып, құндылықтарды ашу және бөлуді жүзеге асырады.

Ашу және бөлу кезінде құндылықтарды бақылау өлшеуі, олардың сапасы мен зергерлік бұйымның сипаттамасы тексеріледі, сонымен қатар олардың құндылықтардың белгілі түрлеріне жатқызылғанын анықтау жүргізеді.

32. Соның негізінде құндылықтар мемлекеттің меншігіне келіп түскен актіні сот бұзған жағдайда (тиісті бөлігін өзгерткенде) уәкілетті органға сол күйінде қайтарады. Сот актісі (бұзу туралы) Орталыққа түскенге дейін құндылықтар заңда белгіленген тәртіппен сатылып кеткен болса, онда сатудан түскен қаржының шегіндегі оның құны иесіне қайтарылады. Егер сатылған құндылықтар құнды металдардың сынығына жатқызылған болса, онда уәкілетті органның шешімі бойынша иесіне құнды металдардың химиялық таза салмағының құнына тең соттың қайтару туралы шешім қабылдаған күнгі құнды металдар нарығының Лондондық ассоциациясының фиксингі бойынша (құнды металдарға ақпараттық-анықтамалық баға) (бұдан әрі - LBMA) ақша қаражаты төленеді.

33. Орталыққа түскен құндылықтарды сату сауда және мамандандырылған ұйымдар арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі - Ұйымдастырушы).

34. Құндылықтарды сату үшін Ұйымдастырушыны таңдау мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Уәкілетті орган сатушы ретінде шыға отырып (бұдан әрі - Сатушы), неғұрлым тиімді шарттарды ұсынған Ұйымдастырушымен құндылықтарды сату жөнінде келісім шартқа отырады.

36. Сатушы құндылықтарды сату мәселелерін шешу үшін құрамына уәкілетті органның өкілдері енгізілген комиссия құрады. Комиссия құрамы бес адамнан кем болмауы тиіс. Келісім бойынша комиссия құрамына Орталықтан басқа өзге мүдделі органдардың өкілдері енгізіледі. Комиссияның төрағасы болып уәкілетті

органның өкілі табылады. Комиссия шешімдері комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым басым дауыстарымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болады.

37. Комиссия :

Сатушының тапсырмасы бойынша құндылықтарды сатуға шығарады және лоттарды қалыптастырады ;

аукционға шығарылатын құндылықтардың бастапқы және төменгі бағасын, сондай-ақ комиссиялық дүкендер арқылы сатуға қойылатын құндылықтардың бағасын бекітеді .

сатылмаған құндылықтарды екінші сауда-саттыққа немесе комиссиялық дүкендер арқылы сатуға шығару туралы, не болмаса неғұрлым сатылуға ыңғайлы нысанға келтіру мақсатында құндылықтың түрін өзгерту (қайта қорыту және басқалары) туралы шешім қабылдайды ;

сауда-саттықтарды өткізу кезінде оған қатысады және оның нәтижелері туралы хаттама мен актіні бекітеді ;

Сатушының жазбаша тапсырмасы бойынша, сондай-ақ осы Ережеден шығатын өзге де функцияларды атқарады.

38. Құндылықтарды сату ағылшын тәсілі бойынша өткізілетін аукционға қоюдан басталады. Аукцион өткізілмеген деп жарияланған жағдайда комиссияның шешімі бойынша құндылықтар голланд тәсілі бойынша екінші сауда-саттыққа шығарылады немесе комиссия шартының негізінде сатылады.

Егер екінші сауда-саттық өткізілмеген деп жарияланса немесе өткізілген сауда-саттыққа салынған лоттар толығымен сатылмаса, онда сатылмай қалған құндылықтар комиссия шарты негізінде сауда ұйымдары арқылы сатуға қойылады, не болмаса неғұрлым сатылуға ыңғайлы нысанға келтіру мақсатында түрі өзгертіледі (қайта қорыту, жөндеу, кемшіліктерін жою және басқалары), одан кейін сатуға қайта қойылады.

Комиссияның шешімі бойынша құндылықтардың түрін өзгерту сатуға қойылғанға дейін жүргізіледі.

39. Мүлікті сату бойынша аукцион келесі тәртіптің сақталуымен жүргізіледі:

1) Сатушы жасасқан шартқа сәйкес атауы, саны, құнды металдың түрі, сынамасы, жалпы лигатурлық және химиялық таза массасы көрсетілген аукционда сатылуға тиіс құндылықтардың тізімін Ұйымдастырушыға ұсынады, сондай-ақ сауда-саттық өткізілетін күнді белгілейді. Ұйымдастырушы осы тізімнің негізінде сауда-саттыққа қатысушыларға берілетін ақпараттық парақ қалыптастырады ;

2) сауда-саттықты өткізуге дайындықты Ұйымдастырушы жүзеге асырады, яғни осы Ережелердің 11-қосымшасына сәйкес сауда-саттықтың өтетіні туралы ақпараттық хабарландырудың уақытылы жариялануын қамтамасыз етеді,

өтінімдерді қабылдайды және қатысушыларды тіркеуді жүргізеді, сауда-саттықтың барысы мен нәтижелері туралы қажетті құжаттарды дайындайды;

3) ақпараттық хабарландыру белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған республикалық немесе жергілікті мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде сауда-саттықты өткізу хабарланған күнге дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей жарияланады және онда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

сауда-саттықты өткізу күні, уақыты, орны және әдісі;

сатылатын құндылықтардың түрі (лоттар);

лоттардың бастапқы бағасы;

сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімдерді қабылдау уақыты мен мерзімі, мекен-жайы;

сауда-саттыққа қатысу үшін салынатын кепілдік жарнасының мөлшері және кепілдік жарна аударылуы тиіс ағымдағы есеп шоттың деректемелері;

сауда-саттықта сатып алынған құндылықтардың бағасын жеңімпаздың төлеу тәртібі мен мерзімі.

Аукционда сату үшін ұсынылып отырған мүлік туралы ақпараттық хабарландыру уәкілетті органның ресми сайтында қосымша жариялануы мүмкін;

4) Ұйымдастырушы аукционға қатысуға берілген өтінімдерді хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылдайды және аукционды өткізгенге дейін бір сағат бұрын аяқталады;

5) лоттардың бастапқы бағасын Сатушы бекітеді. Бұл ретте бастапқы бағамынадай тәртіппен белгіленеді:

